

Әжібай батыр және ұрпақтары

Әжібай Қарпықұлы батыр, би әрі датқа болған. Тегі – Орта жүз. Қыпшақ- Қара –Торы – Шашты (Кенжеғұл) – Бошай аталығынан.

Әжібай батыр қазіргі Қызылорда облысы Шиелі ауданының Сұлутөбе өңірі мен Арқа беттегі Ұлытау, Ырғыз, Торғай өңірлерінде өмір сүрген.

Батырдың бейіті қазіргі Қызылорда облысы Шиелі ауданының Майлытоғай ауылынан 6 шақырым жердегі Итаяқ көлінің қасында орналасқан.

Әжібай батыр Сыр елінің азаттығы үшін Қоқан хандығының озбырлығына қарсы күрескен. Ел аузынан алынған дерек бойынша Әжібай ірі, насатты, ержүрек, сұлу кісі болған екен. Бұл кісінің ірілігі соншама, елуінші өлшем аяқ-киім, кебіс киетін болған екен. Әжібайдың аты 1808-1809 жылдары шыға бастады. Бұл Қоқан билеушілерінің Сыр бойы халқына тізесі қатты батып тұрған кезі.

Бір күні 16-17 жастағы Әжібай Жөлектегі нағашысына қыдырып барады. Түркістанның бегі елден алым-салық жинай келіп, Жөлекте жатады. Бектің озбырлығының асқаны сонша, әр күн сайын қара марқа қозының етін пісіртіп жеп жатады. Бұл қорлыққа шыдамаған Әжібай бір тәуекелге бел байлап, «Малым жанымның садағасы» дегендей, нағашыларына: «Сендер уайымдамаңдар, бұл қорлық иә өршитін болсын, иә өшетін болсын, мені қыз етіп киіндіріп дайындаңдар», - дейді. Межелі уақытта бектің шабармандары «қызды» алып, бекке табыс етеді. Кеш түсіп, екеуі серуенге шығады. Қыдырып оңашаға шыққан соң Әжібай батыр бектің дыбысын шығармай, қанжарды алқымына таяп тұрып: «Бек, иманыңды үйіре бер, кәпір өлімінде кетпе, көп асқанға бір тосқан бар», - дегенде бек Әжібайға жалына бастайды: «Кім болсаң да менің жанымды қи, енді бұл іс қайталанбайды, менің де саған бір көмегім тиер», - дейді. Сонда бек уәдесінде тұрып, кейінгі бір Жөлектің жұма базарында жиналған бұқара алдында Әжібайды «төбе» би етіп сайлайды.

Әжібай батыр 1822-1825 жылдары аға сұлтан Сандыбайұлы Ерденнің көмекшісі болады.

Батыр бабамыз – Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісін қолдаушы және оған белсене қатысушы. Кенесары Орынбор және Батыс Сібір губернаторлықтарының жеріне тұрақтай алмай, оңтүстікке қарай ойысқанда, Ресей үкіметінің қысымы мен қуғынына ұшыраған Әжібайдың елі де Сарыарқадан Сыр бойының Қоқан хандығына қараған Шиелі қыстағының маңына көшіп барған. Әжібайды Қоқан ханы өз руының датқасы етіп бекіткен.

1861жылдың 11 мен 25 маусымның аралығында орыс патшасының тікелей нұсқауымен Орынбор мен Омбы губернияларында тұратын Кіші жүз бен Орта жүздің 189 беделді өкілдері шақырылып қатаң шекаралық тәртіп жөнінде съезд шақырылды. Осы съезге қатысқан Әжібай батыр туралы: «Қыпшақтың белгілі биі, Кенесары мен Сыр бойына көшкен елдің бір

бөлігіне Ақмешіт бекінісі құлағанға (1853 ж.) дейін датқа болған Әжібай Қарпықов» деп көрсетілген.

Омбы облыстық мемлекеттік архивінде сақталған құжаттарда: «1862 жылы қазан айында Сарысу бойын жайлайтын Кіші жүз рулары мен Ұлытаудың батыс бөктерін мекендеген қыпшақтардың арасындағы мал дауын шешуге Әжібайдың ерекше ықпалы болғандығы » атап көрсетілген.



Әжібай батыр Қарпықұлының бейіті

Әжібай батыр 75 жасында қайтыс болыпты. Сыр бойының атақты ақыны Бұдабай Қабылұлы (1830-1890) Әжібайдың қазасына:

«Елу сегіз жасында,
Шалқыдың шалқар теңіздей.

Елу тоғыз жасында,
Көзге түстің семіздей.

Әжібай-Торғай атандың,
Бірге туған егіздей.

Алаштан алдың алғысты,
Атаңа нәлет дегізбей.

Әділеттілігің жайылды,
Наушаруан салған негіздей», - деп көңіл айтыпты.

Әжібай батырдан Тоқпенбет (Тоқпамбет), Пірімбет, Нұрша, Дәлке, Құлан, Биімбет, (Палжан) Балжан деген балалары болған.

Тоқпенбеттен Мырзахмет, Құрбан, Сапар, Иман туады.

Мырзахметтен Мақаш (?-1937 жылы жаппай қуғын-сүргін құрбаны болған), Тайыр, Мүсілім.

Мақаштан Әлтай, Еркін. Әлтайдан Мұрат, одан Мәди, Нұрлан туады.

Еркіннен Өтеген 1955 ж.т., Төлеген 1959 ж.т., Бөлеген 1963 ж.т., Бақыт, Мақсат, Талғат, Оңласын туады.

Өтегеннен Рахат, Табиғат туады. Төлегеннен Сансызбай, Асылхан туады.

Бөлегеннен Нұрлан туады. Мақсаттан Абылайхан, Еркебұлан туады. Талғаттан Самат туады. Оңласыннан Бекзат, Нұрсейіт туады.

Әжібай батырдың баласы Тоқпамбет әке жолын қуып елінде абыройлы, беделді кісі болған.

Тоқпамбет жайлы Сыр елінің атақты ақыны Бұдабай Қабылұлының (1848-1911) Әйекенің жоқтауында:

«Әжібайдың баласы,

Досыңыз еді Тоқпамбет», - деп жырлаған.

Бұл жоқтаудың шығу тарихы былай болған.

1880 жылы Ақмешіт (қазіргі Қызылорда) қаласында Шиелінің сол кездегі волостной управителі Әйеке Бекежановты (1839-1880) болыс сайлауы кезінде Әлмембет Тұрсынбаев (1829-1909) атып өлтіреді. Мұның аяғы ел ішінде зор бүліншілікке айналып кете жаздап, Бұдабай ақынның араласуымен рулық екі топ мәмілеге келеді.

Бұдабай ақын жоқтауынан біліп отырмыз Әжібай батырдың баласы Тоқпамбет арғын Әйеке болыспен дос болып өткенін. Арғын, Қыпшақ арасында тағы қантөгіс болмасын деп, екі жақтың игі жақсыларының есімдерін жоқтауына қосып, қалқан қылып халықты басады.

Әжібай батырдың немересі Мырзахмет, шөбересі Мақаш та бабасының атына кір келтірмей абыройлы, беделді кісілер болған. Қазіргі уақытта Әжібай батырдың ұрпақтары Қызылорда, Алматы, Астана қалаларында, Шиелі қыстағында, Тартоғай ауылында тұрып жатыр.

Бақытжан Ахметбек, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері

Пайдаланған әдебиеттер

1. Бақытжан Ахметбектің дерек қорынан, жергілікті Бошай руының азаматтарынан алынған дерек; «Шаштылар» Шежіре. – Алматы: Қайнар, 2002;

2. ҚҰЭ. 1 т. «Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы». – Алматы. 1998;

3. Бақытжан Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Майлытоғай ауылының тұрғыны Абасилов Бақыт деген кісінің дерегінен;

5. «Бес ғасыр жырлайды». 1 т. – Алматы: Жазушы, 1989.